



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ускорению информационно-методического обеспечения для совершенствования организационной базы и механизмов реализации академической мобильности.

Список использованных источников:

1. Аймагамбетов Е.Б. Реализация образовательных программ сетевого Университета ШОС в Карагандинском экономическом университете: опыт и проблемы // Университет ШОС - новые горизонты дистанционного образования: опыт, практика, перспективы развития: Материалы международной научно-практической конференции. 11-12 апреля 2013 г., Караганда. – С. 9
2. Везиров Т.Г., Костина Е.А. Организация академической мобильности будущих бакалавров и магистров педагогического образования в условиях информационно-коммуникационной среды вуза // Крымский научный вестник, №2 (8), 2016 // Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/v/organizatsiya-akademicheskoy-mobilnosti-buduschih-bakalavrov-i-magistrov-pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-usloviyah-informatsionno>
3. Состояние и перспективы международного сетевого образовательного проекта «СИНЕРГИЯ» // Университет ШОС - новые горизонты дистанционного образования: опыт, практика, перспективы развития: Материалы международной научно-практической конференции. 11-12 апреля 2013 г., Караганда. – С. 9

УДК 364.023

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕСІНДЕ ҚАУІП-ҚАТЕР ТОБЫНДАҒЫ ОТБАСЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖҰМЫС

Сыдыман Ақмерей Жаңабекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының магистранты
asydyman@mail.ru

Ғылыми жетекші – А. Исаханова

Әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы тұрғысынан, дені сау отбасы – бұл балалары бар сәтті отбасы, оптималды және гармониялық түрде өзінің қызметтерін атқарушы, жағымды физикалық, психикалық және әлеуметтік көрсеткіштер кешеніне ие, тұрақты, тату-тәтті отбасы. Отбасы денсаулығы отбасы мүшелерінің денсаулық деңгейіне қосылатын функционалды соммамен анықталады және олар қауіп-қатер тобындағы отбасылармен әлеуметтік-медициналық жұмысты ұйымдастыру барысында міндетті түрде ескерілуі қажет.

Отбасы денсаулығын талдау барысында жалпы және арнайы индекстерді қолдандым. Отбасы денсаулығының жалпы индексі даму кезеңіне қарамастан барлық отбасылар үшін тән. Отбасы денсаулығының жалпы индексі келесі көрсеткіштер негізінде анықтау керек, олар: отбасы мүшелерінің саны, отбасы түрі, отбасы мүшелерінің әлеуметтік статусы, отбасының өмір сүру жағдайы, отбасының барлық мүшелерінің денсаулығы, отбасындағы тұқым қуалаушылық аурулар, отбасының негізгі қызметтерді орындауы, отбасындағы әлеуметтік-медициналық көмектің көлемі мен сапасы.

Отбасы денсаулығын зерттеу бағдарламасын жүзеге асыру барысында міндетті түрде келесі блоктарды бөліп қарау керек:

- әлеуметтік-демографиялық сипаттама,
- әлеуметтік-гигиеналық сипаттама,
- материалды және тұрғын-үй жағдайларының сипаттамасы,
- медициналық-биологиялық сипаттама,
- әлеуметтік-психологиялық сипаттама,
- отбасына әлеуметтік-медициналық көмек көрсету деңгейі [1].

Отбасы денсаулығын зерттеу әдістемесінің маңызды кезеңі – отбасының әлеуметтік-медициналық қажеттіліктерін анықтау болып табылады. Қажеттіліктер «мұқтаждық», «қажеттілік» түсініктері арқылы анықталады.

Отбасының әлеуметтік-медициналық қажеттіліктерін отбасының немесе тұлғаның саналы түрде денсаулыққа ұмтылуы мен оптималды денсаулық пен хал-ахуалды сақтау үшін әрдайым заттар, қызметтер немесе жағдайларға мұқтаждығы деп белгілеуге болады.

Қазіргі қазақстандық қоғамда отбасы институты денсаулық сақтауға, отбасының денсаулыққа деген көзқарасына айқын із қалдыратын, жалпы әлеуметтік құбылыстармен түсіндірілетін маңызды қиындықтарды басынан өткеруде.

Қоғамдағы жіктелу үрдістерінің күшеюі отбасының маңызды қызметтерін қозғап (репродуктивті, тәрбиелік, экономикалық, сауықтыру), нәтижесінде халықтың денсаулығының бұзылуына алып келуде. Ең қауіптісі – отбасының сауықтыру қызметін жоғалтып алуы мүмкін. Халықтың төмен табысы отбасының барлық бюджетінің адамдардың тамаққа және киімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруына жұмсалып, денсаулықты қолдауға, сақтауға мүмкіндік қалдырмайды.

Осылайша, отбасының экономикалық қызметтерінің барлық элементтері тікелей немесе жанама түрде отбасы денсаулығымен байланысты.

Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерге қойылған кәсіби талаптарға сай әлеуметтік қызметкерлерінің екі тобы болады:

- мұқтаждықты бағалау және анықтау бойынша әлеуметтік қызметкер;
- үйде әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қызметкер.

И.А. Зимняяның пікірі бойынша, кәсіби әлеуметтік жұмыскердің профессиограммасын құру кезінде кем дегенде үш негізге сүйену керек. Біріншісі, әлеуметтік жұмыскердің тұлғалық мінезімен сәйкес келеді. Мұнда анықтаушы критерий ретінде тұлғаның аталған мамандық түріне гуманистік сәйкестігін, бейімдігін айтуға болады. Екіншісі – әлеуметтік жұмыскердің құзыреттілігі, яғни мұнда маманның тек өз саласы бойынша ғана емес, сол саламен тікелей немесе жанама байланысы бар басқа да салалардан әлеуметтік білімі мен қабілеттері болуы тиіс. Үшіншісі – ол әлеуметтік жұмыскердің адамдармен қарым-қатынас кезіндегі әр түрлі жағдайда тұлғааралық және конвенционалды қатынас орната білу қабілетіне негізделеді.

Е.И. Холостова қалыптастырған әлеуметтік жұмыскерге деген талаптар медициналық-әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандарға да қажетті болып табылады. Автордың ойынша, әлеуметтік жұмыскердің:

- психология, физиология, экономика, құқық, информатика және басқа да салаларда жақсы кәсіби дайындығы мен білімі болуы қажет;
- жалпы жоғары мәдениет иесі болуы керек;
- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік және экономикалық процесстер туралы ақпараты, халықтың түрлі әлеуметтік топтарынан хабары болуы керек;
- белгілі бір әлеуметтік бейімі болуы керек;
- кәсіби амалы, айналасындағылардың сенімі мен көңілін жаулап алу, кәсіби құпияны сақтай білу сияқты қасиеттері болуы тиіс;
- эмоционалды тұрақты, сабырлы, сыпайы бола отырып, өз міндетін адамгершілікпен атқара білуі керек;
- күтпеген жағдайларда шешім қабылдап, өз ойын нақты жүйелеп, оны сауатты түрде жеткізе білуі керек.

ШЖҚ «№4 қалалық емхана» КМК өзінің құзыреттілік шеңберінде бекітілген тұрғындарға белсенді көмек пен қолдау көрсететін әлеуметтік жұмыс және психология бойынша білікті мамандар қызмет етеді. Қазіргі таңда Орталық штаттында 5 – әлеуметтік қызметкер мен 3 психолог, сонымен бірге отбасылық кеңес беру және қауіп-қатер тобындағы жүкті әйелдер мен 0-5жастағы балалары бар үйлерге кіріп-шығу бойынша маман бар. Өзінің қызмет аясында мамандар өз жұмысын жеке, топпен жұмыс деңгейінде атқарады, сонымен қатар керек болған жағдайда отбасыларға патронаж өткізеді. Жағдайды бағалайды, тәуекел мен мәселені шешеді және көмек көрсетеді.

Ведомства аралық, сектор аралық жұмыс және қиын жағдайда қалған азаматтар мен науқастарға көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен жұмыс жүргізіледі.

ҚР денсаулық сақтаудың бастапқы кезеңде алдан алу мақсатында келесі медициналық- әлеуметтік технологиялар өңделіп, қызмет етеді:

1. Отбасыны қолдау орталығы;
2. Әмбебап- үдемелі патронажды мейіргерлік қызмет моделі;
3. Ішкі және сала аралық ынтымақтастық;
4. Саналы ата-ана болуға арналған ата-ана дағдыларын қалыптастыру жөніндегі мектеп;
5. Супервизия;
6. Сенім телефоны .

Отбасыны қолдау орталығы – бұл отбасын сақтау, нығайту және қызмет етуін жақсартуға, тәуекел тобындағы отбасыларға ерте бастан араласуды қамтамасыз етуге және балаларды бағып күту мен толық отбасының ден саулығын нығайтуға бағытталған қызметтер мен іс-шаралар жиынтығы.

Саналы ата-ана болуға арналған ата-ана дағдыларын қалыптастыру жөніндегі мектеп өз алдына білім, дағды мен әлеуметтік қолдауға негізделген ата-ана ретінде әке мен ана рөліне жақындауын жақсартуға, баланы тәрбиелеу бойынша құзыреттілігі мен ресурстарын арттыруға бағытталған қызмет пен әртүрлі іс-шаралар жиынтығы.

Супервизия қиын әлеуметтік жағдайдарды талдауға және тәуекел тобына жататын отбасыларға ерекше көмек көрсететін жұмыс дағдысын дамыту, жұмыс процесінде кездесетін қиындықтарды талдау, сонымен бірге кәсіби күйюді тоқтату мақсатында әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметінің сапасымен қамтамасыз ету.

Әмбебап- үдемелі патронажды мейіргерлік қызмет моделі –тұрмысы орташа және төмен деңгейдегі үйге патронаждық кіріп-шығудың аралас моделі, әлеуметтік әл-ауқатсыздықты салдарын болдыртпай, ортақ күтім, тамақтану, денсаулық, жоспарында 5 жасқа дейінгі балалар үшін ерекше сәйкес келетін ресурстармен қамтамасыз ету

Отбасылық кеңес беруші - отбасыларға үйде патронаждық мейіргерлік қызмет көрсететін маман.

Ішкі және сала аралық ынтымақтастық - ішкі және сала аралық ынтымақтастық технологиялары – тек медициналық ұйымдар шеңберінде ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық, діни ұйымдармен, қиын өмір жағдайында қалған бала немесе отбасыға тура көмек көрсетіге арналған фондтармен байланыс пен ынтымақтастық орнату

Тұрмыстық зорлықтың құрбаны болған клиенттерге әлеуметтік және психологиялық қызметтер тізімі:

7. Келесі сұрақтар бойынша әлеуметтік қызметкерлердің кеңесі:

- Әлеуметтік – құқықтық
- Әлеуметтік – тұрмыстық
- Әлеуметтік – психологиялық
- Әлеуметтік – медициналық
- Әлеуметтік – педагогикалық
- Әлеуметтік – еңбектік
- Әлеуметтік – мәдениеттік
- Әлеуметтік – экономикалық

8. Ақпараттық қолдау;
 - a. ұзақ (қысқа мерзімді) қолдау;
 - b. патронаж
 - c. Топтық жұмыстар (тренингтер, топтық өз-өзіне көмек)
 - d. арт-терапиясы (еңбек-терапиясы)
 - e. әлеуметтік қызметкердің делдалдығы (медиация, мемлекеттік ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарда клиенттердің мүдделерін білдіру)
 - f. мәдени-көпшілік іс-шаралар;

- g. Еріктілер қозғалысы
- h. Клубтық сабақтар
- i. Ведомства аралық ынтымақтастық (кризис орталығы, ҮЕҰ)
- j. «Тыныштық» бөлмесі қызмет етеді

Қауіп-қатер тобындағы отбасыларға тұрмысы төмен отбасылар, көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, асоциалды отбасылар, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушы отбасыларын жатқызуға болады.

Аталған мекемелер іс-әрекеттерінің негізгі бағыттары болып: балалар мен отбасылардың әлеуметтік сәтсіздіктерінің факторлары мен себептерін айқындау; қиын өмірлік жағдайды жену мен өз-өздерін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде балалары бар отбасыларды қолдау; әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да қызметтің формалары мен түрлерін ұсыну.

Қауіп-қатер тобындағы отбасылармен әлеуметтік жұмыс бойынша маманның практикалық іс-әрекеті диагностикалық, ұйымдастырушылық және коммуникативті кезеңдерді қарастырады.

Диагностикалық кезеңде отбасының тұрмыстық жағдайлары мен материалдық мүмкіндіктері қарастырылады, эмоционалды-психологиялық климаты, танымдық, жалпы мәдениеттілік деңгейі, бос уақытты өткізу тәртібі, рөлдер мен міндеттерді бөлу, өзара бірыңғай іс-әрекеттілікті ұйымдастыру, сонымен қоса, отбасының жалпы және отбасы мүшелерінің әрқайсысының жеке мәселелері анықталады.

Ұйымдастыру кезеңінде жағдай мен ресурстарды бағалауға отбасының мүшелерін қосу үшін жағдайлар жасалады, көмекші бағдарламаларды бейімдеу мен жобалау, біріккен отбасылық-тұрмыстық еңбекті ұйымдастыру, қарым-қатынасты, сыртқы және ішкі байланыстарды жақсарту қарастырылады.

Коммуникативті кезеңде қалыптасқан дағдылар мен білімдер қолданылады, қолданатын құралдар кеңейтіліп, жалпы көмекті өз-өзіне көмекке ауыстыру ынталандырылады.

Осылайша, қауіп-қатер тобындағы отбасылармен әлеуметтік-медициналық жұмыстың ерекшелігі әлеуметтік жұмыскердің супервизиясы мен (патронаж, сүйемелдеу) өмір сүру дағдыларына үйретудің өзара үйлесімділігі негізінде жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі.
2. [Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында медициналық көмекті жетілдіру бойынша шаралар туралы](#) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 164 Бұйрығы.
3. <http://emhana4.kz> Астана қ. Әкімдігінің ШЖҚ «№4 қалалық емхана» КМК ресми сайты.
4. http://egov.kz/cms/kk/articles/social_help Атаулы әлеуметтік көмек.

УДК 364.044.26

ФЕРТИЛЬДІ ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ТОБЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сыдыман Ақмерей Жаңабекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының магистранты
asydyman@mail.ru

Ғылыми жетекші – А. Исаханова

Кез келген қызмет көрсету саласында технологияны игеру, оны тәжірибеде қолдану кәсіби маманға қойылатын талап болып табылады. Сондықтан әлеуметтік қызмет